

MODERN STATUS OF LAND RESOURCES MONITORING ZHAMBYL REGION

A.K. Igembayeva, N.V. Dzhangarasheva

In article the modern condition monitoring of land resources of the Zhambyl region. In 2009, work was carried out on the monitoring of the land in accordance with the regional programmes. Total on the territory of the Republic at the present time laid 813 stationary observation points, one of them 544 SEG and 269 SSEG, including the Zhambyl region 14 SEG and 11 SSEG.

ӘОЖ 332.54

С.К. Игембаева, Д.К. Молжигитова

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІНІҢ НЕГІЗІНДЕ АУМАҚТЫҚ РЕТТЕУДІ ДАМУ

Аннотация Мақалада жер ресурстарын пайдалану тиімділігі жердің сапалық жай-күйі туралы сенімді ақпаратты қажет етеді. Осы мақсаттар үшін топырақ және геоботаникалық зерттеулер жүргізу, топырақты бонитеттеу, координацияланбаған жер учаскелерін межелеу бойынша жұмыстар жүргізіледі. Кез келген мемлекеттің басты міндеттерінің бірі жерді тиімді пайдалану үшін жағдайлар құру болып саналады. Бұл мәселені шешудегі маңызды орынды жер қатынастарын реттеу жүйесі, жерге меншік, жер ресурстарын басқару және т.б. алады.

Кілт сөздер: жер ресурстарын басқару, жер ресурстарын басқару жүйесінің әсері, басқару тиімділігі, жер ресурстарын аумақтық басқару.

Кіріспе Жер ресурстары – бұл қоғамның материалдық, мәдени және өзге де мұқтаждарын қанағаттандыруға арналған шаруашылық және басқа қызметтерінде пайдаланылатын және пайдаланылуы мүмкін жер. Ол жерге орналастыру мен экономиканың барлық салаларының қажетті өндірістік факторы болып табылады.

Қазіргі уақытта жер ресурстарын өңірлік басқару жүргізіліп отырған жер реформасы жағдайларында жүзеге асырылуда және осы жер реформасының нәтижесінде жерге меншік құқығының құрылымы түбегейлі өзгеріске ұшырады, жерді пайдаланушылар арасында қайта бөлудің нарықтық тәсілдері анықталды, қалыптасқан жағдайларда басқарудың әдістері мен механизмдері негізделді. Республиканың барлық өңірлерінде дерлік ауыл шаруашылығы жерлері барлық жердің 70-80%-ын алатындығын ескеретін болсақ, жер реформасы жағдайында оларды пайдалану тиімділігін көтеру ерекше маңызды міндет болып табылады.

Кез келген мемлекеттің басты міндеттерінің бірі жерді тиімді пайдалану үшін жағдайлар құру болып саналады. Бұл мәселені шешудегі маңызды орынды жер қатынастарын реттеу жүйесі, жерге меншік, жер ресурстарын басқару және т.б. алады.

Жерді тиімді пайдалану және қорғау – барлық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайтудың, ауылды жедел қайта көркейтудің және халық шаруашылығының барлық салаларында жер ресурстарының потенциалын сақтап қалудың маңызды шарты.

Аграрлық сектор субъектілерінің сапалық құрамын анықтау, оларға бекітіліп берілген жер учаскелерін пайдалану тиімділігін белгілеу және ауыл шаруашылығы

мақсатында пайдаланылмайтын жерлерді мемлекеттік меншікке алып қою жөнінде ұсыныстар дайындау қажет.

Ауыл шаруашылығына арналған жерлерді пайдалануды жақсартуда аумақты ұйымдастырудың инновациялық жобаларын енгізу, егін шаруашылығын көтеру, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің белгіленген технологиясын сақтау, ұсынылатын ауыспалы егістерді игеру, эрозияға қарсы және табиғат қорғау іс-шараларын жүзеге асыру бірінші дәрежелі орын алады.

Ауыл шаруашылығына арналған жерді ұтымды пайдалану мәселелерінде үнемді егін шаруашылығын ендіруге басты орын беріледі. Бұл мәселені жүзеге асыру жөніндегі жерге орналастыру шаралары ылғал ресурстарын үнемдеу технологияларын енгізумен бірге, ландшафтық-экологиялық тәсіл негізінде агроқұрылымдар аумағын ішкішаруашылық ұйымдастыру схемаларын (жобаларын) дайындау арқылы жүргізілуі тиіс.

Мемлекеттік босалқы жерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту бұрынғысынша күрделі мәселе болып қалып отыр. Сондай-ақ ауданы үш млн гектардан асатын егістікке жарамды жерлерді айналымға игеру бойынша да іс-шаралар қабылдау қажет.

2012 жылы және одан кейінгі жылдарда жер саясатын жүзеге асырудағы келесідей негізгі мәселелер мен міндеттерді шешу мәселелері тұр: экономикалық әдістер негізінде жер ресурстарын басқару механизмдерін жетілдіру; жерді жылжымайтын мүлік объектісі ретінде айналымға тарту, жер нарығын дамыту; ақылы жер пайдалану мен жер ресурстарын ұтымды пайдалануды және қорғауды ынталандыру; жер туралы мемлекеттік ақпараттық ресурс құру және жер ресурстарын тиімді басқару экономикалық механизмінің негізі, жылжымайтын жер мүлігіне құқықтарды қорғаудың басты кепілі ретінде мемлекеттік жер кадастрының бірыңғай жүйесін жетілдіру.

Жер ресурстарын пайдалану тиімділігі жердің сапалық жай-күйі туралы сенімді ақпаратты қажет етеді. Осы мақсаттар үшін топырақ және геоботаникалық зерттеулер жүргізу, топырақты бонитеттеу, координацияланбаған жер учаскелерін межеллеу бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады.

Жер заңдарының сақталуын, жер кадастрын жүргізудің дұрыстығын, жерді ұтымды пайдалану мен қорғау бойынша іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету мақсаттарымен жер ресурстарын пайдалауға және қорғауға мемлекеттік бақылау күшейтілуі тиіс.

Жер әртүрлі қызметтерді: дербес табиғат объектісі ретінде ол экологиялық қызметті, адамның тіршілік ету орны мен өмір сүру шарты ретінде – әлеуметтік; мемлекет аумағы және мемлекеттің ықпал етуінің кеңістікті шегі ретінде – саяси; шаруашылық жүргізу объектісі ретінде – экономикалық қызметтер атқарады. Ресурстың бұл көзі қоғамдық материалдық өндірістің және әлеуметтік қызметтің өзге салаларының барлық кезеңдеріне қатысады. Сонымен, жер алуан түрлі көптеген игіліктер көзі.

Жер ресурстары – бұл қоғамның материалдық, мәдени және өзге де мұқтаждарын қанағаттандыруға арналған шаруашылық және басқа қызметтерінде пайдаланылатын және пайдаланылуы мүмкін жер [1]. Ол жерге орналастыру мен экономиканың барлық салаларының қажетті өндірістік факторы болып табылады.

Жер ресурстары салық салу объектісі болып саналып, сол арқылы бірлескен қоғамдық өнімді бөлу және қайта бөлу процесіне қатынасады; өңірлік өндіру жүйелерін құрылымдық трансформациялауда аумақтық түрде қатысады; жер табиғи объект ретінде құнарлы сипаттарға ие; жерге меншік құқығын сипаттауда ұзақ мерзімді салымдар мен тұрақты табыс түсімінің сарқылмас көзі болып табылады және бұл инвестициялық тәуекелді төмендетіп, инвестицияның келуіне ықпал етеді.

Жалпы басқару және соның ішінде жер ресурстарын басқару басқарушылық қызметі циклдерінен тұрады. Тікелей жер ресурстарына қатыстысы мыналар:

- сенімді ақпарат жинау және басқару объектісін, яғни жер ресурстарын зерттеу;

- нақты жағдайларға қатысты басқару шешімдерінің тұжырымдамасын дайындау;
- басқару шешімдерінің жүзеге асырылуына бақылау жасау.

Басты басқару міндеті басқарылатын объектінің көрсеткіштерін жақсарту мақсатында оған белсенді әсер етуден тұрады. Нарық қатынастарының дамуына байланысты жер ресурстарын басқару жүйесінде кәсіби басқаруға, басқарудың неғұрлым тиімді моделдері мен әдістерін құрып, ендіруге қажеттілік артып отыр және осыған орай тиімді басқару міндеттерін шешу кезіндегі талдау және бағалау жұмыстарының рөлі артады.

Басқару тиімділігі – бұл басқару объектісінде де, басқару қызметінде де әртүрлі көрсеткіштермен бейнеленетін, әрі бұл көрсеткіштер сандық және сапалық сипаттарда болатын нақты басқару жүйесі қызметінің нәтижелілігі.

Басқару жүйесінің тиімділігін көтеру берілген көрсеткіштерге немесе көрсеткіштер жүйесіне сәйкес белгіленген техникалық-экономикалық нәтижелердің басқарылатын жүйесіне жету мақсаттарындағы, нақты объектіні басқарудың ең үздік ұйымдастыру формаларын, әдістерін мен технологияларын табуды шарттайды. Процесс технологиясы тұрғысынан тиімді басқару жүйесі болып мынадай:

- басқарушылық шешімдер қабылдауға қажетті ақпаратты тез әрі толық жинауды қамтамасыз ететін;
- аз мерзім ішінде үйлесімді шешімдер қабылдауға көмектесетін;
- шешімдердің нақты орындалуын ұйымдастыратын;
- шешімдердің орындалуына бақылау жүргізіп, орындалу нәтижелерін қадағалайтын жүйе ғана саналуы мүмкін [2].

Жерсіз бірде бір қызмет түрін жүргізу мүмкін еместігіне байланысты, жер ресурстарын, менің пікірімше, өңірлік дамудың маңызды құралы ретінде, яғни өңірдің әлеуметтік-экономикалық потенциалының элементі ретінде қарастырған жөн сияқты. Осы арқылы өңірдің жер ресурстарын басқару өңірді дамытуға және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталатын болады. Өңірдің жер ресурстарын басқару кезінде берілген ережелерге сүйену және тұрақты басқаруға әсерлерін ескеру қажет.

Сонымен, жер ресурстарын басқару, бір жағынан, ұлттық байлықты сақтау мен жер учаскелерін айналымға тарту мәселелерін жүзеге асыратын мемлекеттік билік органдарының қызметі, екінші жағынан – жерді пайдаланудың тиімділігін көтерумен байланысты болатын және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған арнайы мақсатты процесс болып саналады.

Мұндай тәсіл жерді өңірлік басқару санаттарын мақсаттар мен міндеттерді орындауды жүзеге асыратын басқару деңгейі ретінде, аумақ потенциалының қажетті элементі және өңірлік даму факторы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жер ресурстарын өңірлік басқару бірінші кезекте жер ресурстарын пайдалану тиімділігін көтерумен байланысты болады. Тиімділік алынған нәтижелердің жұмсалынған ресурстарға қатынасы ретінде өрнектеледі.

Өңірде жер ресурстарын пайдалану нәтижелері ретінде көбіне, бюджетке жер салығынан, жалдау төлемінен, жер учаскелерін мемлекеттік меншіктен сатудан түсетін төлемдер түріндегі көрсеткіштер пайдаланылады.

Жер ресурстарын басқаруға жұмсалған қаражат келесі көрсеткіштермен бағаланады:

- аумақтық жерге орналастыруды жүргізу;
- жер ресурстарын басқаруды ақпараттық жабдықтау;
- жер учаскелерін кадастрлық бағалау бойынша жұмыстар;
- бүлінген жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша жұмыстар.

Аумақтық жер ресурстарын басқару, бір жағынан, жер учаскелерін нарықтық айналымға айналдыру және ұлттық байлықты сақтауға бағытталған мәселелерді шешуді жүзеге асыратын мемлекеттік билік органдарының қызметін және басқа жағынан

аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына, сонымен қатар жерлерді тиімді пайдалануды жоғарлатумен байланысты мақсатты бағытталған үрдісті білдіреді.

Әдебиеттер

1. Есполов Т.И., Сейфуллин Ж.Т., Сейтхамзина Г.Ж. Экономико-правовой механизм управления земельными ресурсами. – Алматы, 2006. – 316 с.
2. Варламов А.А. Земельный кадастр: управление земельными ресурсами. – М., 2009. – 527с.
3. Комов Н.В., Аратский Д.Б. Методология управления земельными ресурсами на региональном уровне. – Нижний Новгород, 2000.- 246 с.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ РЕГИОНАЛЬНЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ ЭФФЕКТИВНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗЕМЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ

С.К. Игембаева, Д.К. Молжигитова

Региональное управление земельными ресурсами представляет собой, с одной стороны, деятельность органов государственной власти, осуществляющих решение задач по сохранению национального богатства и вовлечению земельных участков в оборот и с другой - целенаправленный процесс, связанный с повышением эффективности использования земель, направленный на социально-экономическое развитие региона.

THE RESEARCH OF PECULIARITIES OF LAND RESOURCE MANAGEMENT IN PRESENT CONDITIONS

S.K. Igembayeva, D.K. Molzhigitova

Regional land resource management represents on the one hand activity of government bodies, solving a problem on saving national resources and involving plot of land in turnover and on the other hand purposeful process, connecting with increasing of the efficiency of using land, aimed at social economic development of region.

УДК 634.734

А.С. Кулиев

Ботанический сад им. Э.З. Гареева, г. Бишкек, Республика Кыргызстан

ЕСТЕСТВЕННЫЕ ПОПУЛЯЦИИ ОБЛЕПИХИ КРУШИНОВИДНОЙ ИССЫК-КУЛЬСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация Облепиха крушиновидная выполняет особую водоохранную роль в Иссык-Кульской области. Практически все облепиховые куртины приурочены к прибрежной зоне озера Иссык-Куль. Природные заросли облепихи могут послужить существенной базой исходного сырья для перерабатывающих предприятий, оказывать экономические и социальные эффекты.

Ключевые слова: Облепиха, Иссык-Куль, площади, заросли, естественные насаждения, формы.